




**2023-2024 оқу жылындағы
мектепалды даярлық «А» тобының ата-аналармен
жүргізілетін жұмыс жоспары.**

№	Атқарылатын іс шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Ата-аналармен күн тәртібінде қаралатын мәселе: 1.Танысу. 2.Даярлық топ бағдарламасымен таныстыру. 3. Оқу іс-әрекет түрлерімен таныстыру. 4.Келісім шартқа отыру. 5.Ата-аналар төрайымын сайлау. 6.Ата-аналарға арналған ситуациялық сұрақтар.	Қыркүйек	Тәрбиеші: Б.Байырбекова
2.	1. Баяндама«Отбасы тәрбие басы» 2. Тұмаудың алдын алу. 3. Ата-аналармен әңгіме жүргізу жеке,жалпы	Қазан	Тәрбиеші: Л.Мушатова Медбике Маженова Фатима
3.	1. Оқу тәрбие жұмысындағы І-тоқсанның балалардың алған білімі мен кемшіліктері. Мониторинг. 2. «Қош келдің Жаңа жыл!» жаңа жыл мерекесі. 3. Ата-аналарға тест. «Сіз қандай ата-анасыз?»	Желтоқсан	Тәрбиеші: Л.Мушатова Мектеп психологы Пернебек Сабина
4.	1. Оқу-тәрбие жұмысындағы ІІ-тоқсанның жетістігі және кемшілігі. Мониторинг 2. 8- наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі. 3.22-наурыз -Ұлыстың ұлы күні. 4. «Мен және менің балам» дөңгелек үстел.	Наурыз	Тәрбиеші: Л.Мушатова
5.	1. Оқу –тәрбие жұмысындағы ІІІ тоқсанның жетістігі мен кемшілігі. Мониторинг. 2. Алдағы жазғы демалыс күндеріндегі балалардың қауіпсіздігі туралы ата-аналармен әңгіме жүргізу. 3. «Жүрек жылуы» тренинг	Мамыр	Тәрбиеші: Л.Мушатова.

Тәрбиеші:  Б.Байырбекова

Хаттама №1

Мерзімі: 04.09.2023жыл

Қатысқандар: 29

Қатыспағандар:

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Танысу.
2. Даярлық топ бағдарламасымен таныстыру.
3. Оқу іс-әрекет түрлерімен таныстыру.
4. Келісім шартқа отыру.
5. Ата-аналар төрайымын сайлау.
6. Ата-аналарға арналған ситуациялық сұрақтар.

Жиналыс барысы

1. Ата-аналар жиналысын мектепалды даярлық «А» топ тәрбиешісі Багила Байрбекова ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар біздің даярлық топқа қош келдіңіздер! Сіздерден өтініш орындарыңыздан тұрып бір-біріңізбен танысу шеңберіне келсеңіздер.

Қолымыздағы ойыншықты бір-бірімізге бере отырып, өзіміз жайлы айтып кетейік. Барлығымыз бір-бірімізбен танысып болсақ орындарыңызға жайғасып отырыңыздар.

2. Ата-аналарды күн тәртібі мен таныстыру, ондағы ұйымдастырылған іс-әрекеттері бойынша мағлұмат беру.

3. Білім салалары мен білім бөлімдерін толық таныстыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет ұзақтығы 25 минут. Әр мереке сайын балаларға тақпақтар, өлеңдер, билер үйретіледі. Мерекеге сай балаларыңызды киіндіріп жіберіп отырасыздар және де келіп көрулеріңізге болады. Әр ата-ана өз пікірін айтты.

4. Тәрбиеші ата-аналарды мектептің келісім шартымен таныстырып, оны әр ата-анаға таратып берді. Келісім шарт мектепке келген күннен бастап өз күшіне енеді және де бір жылға жарамды. Келісім шарттың барлық бөлігіндегі міндеттерді орындау екі жақтың да міндеті.


5. Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылды. Әр ата-ана сауалға өз ойларын білдіріп, ортаға салды. Сұрақтарға ауызша жауап берді. Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе, орталарынан қолы бос, жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады, олар:

1. Темирбаева Жадыра
2. Таңатар Ақбота

6. Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылды. Әр ата-ана сауалға өз ойларын білдіріп, ортаға салды. Сұрақтарға ауызша жауап берді.

Қаулы :

1. Мектеп тәртібі қатаң сақталсын.
2. Келісім шарттың барлық шарттары орындарсын.
3. Даярлық топтың іс-шараларына әр бала уақытылы қатыссын.

Тәрбиеші:  Б.Байрбекова

Хаттама №2

Мерзімі:19.10.2023 ж

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар:4

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Балалардың мінез-құлықтары,оқу үлгерімі,тазалығы жайлы әңгімелесу.
2. Балаларды сабаққа уақытынан кешіктірмеу.
3. Мектеп мейірбикесіне мәліметтерді уақытылы беру т.б мәселелер.
4. Баяндама «Отбасы тәрбие басы»
5. Түрлі мәселелер.

Жиналыс барысы

1. Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселе бойынша Ляззат Мушатова балалардың мінез-құлықтары,оқу үлгерімі,тазалығы жайлы айтып, ата-аналарға кеңес берді және сабаққа кешіктірмей қатыстыруын ескертті.
2. Үшінші мәселе бойынша мектеп мейірбикесіне мәліметтерді уақытылы беріп және балалардың дұрыс тамақтануы,жеке бас гигиенасы туралы айтты.
3. Төртінші мәселе бойынша Ляззат Мушатова«Отбасы тәрбие басы»атты баяндама оқыды.

Кезектен тыс ата-аналар сөз алды.

Темирбаева Жадыра Таңатар Ақботасынды ата-аналар сөз алып,балаларды сабаққа кешіктірмей қатыстыратындарын айтып сөз берді және балаларының қолдан жасаған жұмыстарына көңілдері толатындықтарын айтып,балаларының өтілген сабақтардан бірнеше тақпақтар жаттап, сауат ашу, математика т.б.сабақтардан алға қарай жылжу бар екендігін атап өтті,ризашылықтарын білдірді.

Қаулы :

1. Мектеп тәртібі қатаң сақталсын.
- 2.Келісім шарттың барлық шарттары орындарсын.
- 3.Даярлық топтың іс-шараларына әр бала уақытылы қатыссын.

Тәрбиеші:  Ляззат Мушатова

Хаттама №3

Мерзімі: 22.12.2023жыл

Қатысқандар: 28

Қатыспағандар: 1

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Оқу тәрбие жұмысындағы балалардың алған білімі мен кемшіліктері. Мониторинг.
2. «Қош келдің Жаңа жыл!» жаңа жыл мерекесі.
3. Ата-аналарға тест.

Жиналыс барысы

Ата-аналар жиналысын Ляззат Мушатова ашып, ата-аналарды тәуелсіздік күнімен және де кележатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, жаңа жыл жаңа қуанышпен келуін тіледі. Тәрбиеші ата-аналарға мектептің күн тәртібін еске сала отырып, осы күн тәртібін қатаң сақтауын өтінді. Тәрбиеші Ляззат Мушатова оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы өтілген оқу іс-әрекет барысындағы әр балалардың жеткен жетістіктерін айтты. Көптеген балалардың сандарды танып, есептеуді үйренгендерін, әріптерді танып, оны оқып жазуды үйрене бастағандарын айтты. Ата-аналарға қыркүйек айындағы мониторинг нәтижесімен таныстырды. Жыл басындағы көрсеткіші төмен балалардың қазір біршама дәрежеге көтерілгенін айтты.

Тәрбиеші Ляззат Мушатова балалардың жаңа жылдық ертеңгілікке дайындығын айтып, әр баланың мерекеге сәйкес киетін костюмдерін ата-аналарға тапсырды. Жаңа жылдық мерекені ата-аналардың келіп тамашалауына болатындығын айтты. Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын ата-аналар бірауыздан ойласа келіп шешіп, ата-аналар комитетіне сеніммен тапсырды. Тәрбиеші Ляззат Мушатова ата-аналарға арнап тест сұрақтарын қойды. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарға жауап берді.

Қаулы:

1. Бала үлгерімінің жоғарылауына ата-ана да өз үлесін қоссын.
2. Жаңа жыл мерекесіне сәйкес әр балаға мерекелік костюм кигізілсін.

Тәрбиеші:  Л.Мушатова

Хаттама №4

Мерзімі: 04.03.2024жыл

Қатысқандар: 29

Қатыспағандар:

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы II тоқсан жетістігі және кемшілігі. Мониторинг
2. 8- наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.
3. 22-наурыз -Ұлыстың ұлы күні.
4. «Мен және менің балам» дөңгелек үстел.

Жиналыс барысы

Тәрбиеші Ляззат Мушатова аналарды,әжелерді 8-наурыз мерекесімен құттықтады. Бірінші мәселе бойынша, тәрбиеші балалардың II тоқсан жетістігімен таныстырды, мониторинг көрсеткіші бойынша әр баланың деңгейіне тоқталып өтті. Балалардың алғашқы оқу жылына қарағанда деңгейі біршама көтерілген,яғни балалар өз еркімен киінуді,киімдерін ұқыпты етіп жинастыруды,сәлемдесуді,қоштасуды үйреніп,жақсы-жаман қасиеттердің ара жігін ажырата алуды меңгерді. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау нормаларын үйренді. Өзінің атын, тұрмыстық заттар мен жануарлардың аттарын атайды. Тақпақтарды,қысқа өлеңдерді жатқа айтады.

Екінші мәселе бойынша, ата-аналарға көктем мезгілінің алғашқы айы-наурызда болғалы отырған екі арнаулы мерекеге балаларды дайындап жатқандарын айтып өтті. 8-наурыз мерекесінде балалардың барлығы тақпақтар айтып,ән салып,би де билейді.

Балаларыңызды мерекеге сай киіндіріп әкеліңіздер деп тапсырылды.

22-наурыз – «Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне де балалардың ертеңгілік іс-шарасы болатынын және де балаларды ұлттық киімдер кигізу керектігін айтып өтті. Балалар тақпақ, ән айтып,би билеп,өнер көрсетеді. Мерекеде балалар наурыз көжеден дәм татады. Наурыз мерекесіне ата-аналардан да қатысып көрулеріне болатынын айтты. Ата-ана пікірі тыңдалды.

Жиналыс соңында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. «Мен және менің балам» атты тақырыпта ата-аналар арасында пікірталас жүргізілді. Әр ата-ана өз ойын ортаға салды. Пікірталас соңында, қорытынды есебінде тәрбиеші а Омаров Дәулет

ата-аналарға «Мен және менің балам» тақырыбында баяндама оқып берді.

Қаулы:

1. Топ балаларымен одан әрі жұмыс жасалсын.
2. Әр бала мерекеге сай киіндірілсін.

Тәрбиеші:  Л.Мушатова

Хаттама №5

Мерзімі: 21.05.2024жыл

Қатысқандар: 29

Қатыспағандар:

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Оқу –тәрбие жұмысындағы III тоқсанның жетістігі мен кемшілігі. Мониторинг.
2. Алдағы жазғы демалыс күндеріндегі балалардың қауіпсіздігі туралы ата-аналармен әңгіме жүргізу.
3. «Жүрек жылуы» тренинг.

Жиынның барысы

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Ляззат Мушатова ата-аналарға балалардың бір жыл бойғы алған білімдері туралы қорытындылады. Балалар мектепалды даярлық топқа келіп көп нәрсені үйренгенін айтты.

Табиғатта өзін-өзі ұстау қарапайым мінез-құлық дағдыларын меңгерді, яғни көгалды таптамау, а, аш бұтағын сындырмау, гүлді жұлмау. Сөйлеу барысында әдептілік сақтайды. Өздерінің сүйікті ертегілерін әңгімелеп айтады. Ересектердің сұрақтарына толық жауап береді. Үстел басында өзін-өзі ұстау қарапайым ережелерді орындайды. Жақын адамдарына көмектесіп, қол ұшын беруді үйренді. Ата аналардың пікірі тыңдалды.

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешісі ата-аналарға жазғы демалыс туралы айтты. Алдағы жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі туралы ата-аналарға бейнеролик көрсетілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Ляззат Мушатова ата-аналармен «Жүрек жылуы» деп аталатын тренинг өткізді.

Тренинг мақсаты:

Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы. Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу, ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру. Тренингте қатысушыларға кішкене жүрекшелер таратылды. Тренингке қатысушы аналар «Менің сен сияқты керемет анаға тілейтінім!» деген ойды жалғастыруы керек. Бір-біріне деген жақсы лебіздерін білдірді.

Қаулы:

1. Балалар жазғы маусымға сай киіндірілсін.
2. Жазғы демалыс кезіндегі баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі ата-аналарға міндеттелсін.

Тәрбиеші:  Л.Мушатова